

## "Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамын басқарудың кейбір мәселелері туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 маусымдағы N 533 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 29 сәуірдегі N 598 Қаулысымен

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 29 сәуірдегі N 598 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп "Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамының президенті қызметіне заңнамада белгіленген тәртіппен сайлау үшін Серік Әбдібайұлы Қапаровтың кандидатурасы ұсынылсын.

2. "Кейбір акционерлік қоғамдар - ұлттық компаниялардың директорлар кеңестерінің құрамдары туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қыркүйектегі N 1051 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 32, 341-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымша:

мынадай мазмұндағы 11-тармақпен толықтырылсын:

"11. "Астана халықаралық әуежайы" ЖАҚ:

Нығматулин Нұрлан Зайроллаұлы - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар вице-министрі, төраға;

Орынбаев Ербол Тұрмаханұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі;

Комаров Геннадий Григорьевич - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары;

Есқалиев Ерхат Серікұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Департамент директорының орынбасары;

Мәмбетов Алматбек Әбілқасымұлы - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитетінің төрағасы;

Мұқанов Елтай Жанәбілұлы - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Департамент директорының орынбасары;

Қапаров Серік Әбдібайұлы".

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК